

"Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32783 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабының 23-7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 9 маусымдағы
№ 435 бұйрықпен
бекітілген

"Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламент

1-тарау. Қолдану саласы

1. "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламент (бұдан әрі – Техникалық регламент) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Техникалық реттеу туралы Заң) 7-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заң) 20-бабының 23-7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Техникалық регламент Қазақстан Республикасының аумағында ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қолдану мен орындау үшін ең төменгі және міндетті минимумдарды, сондай-ақ оларды сәйкестендіру қағидаларын, сәйкестікті бағалау қағидалары мен нысандарын, оның ішінде өнімді айналымға шығару кезінде, құрылыс материалдары мен бұйымдарын таңбалауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында еркін қозғалысты қамтамасыз ету үшін оны салу қағидаларын белгілейді.

3. Техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерін сәйкестендіру нақты ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының Техникалық регламентті қолдану саласына тиесілігін белгілеу үшін жүзеге асырылады.

4. Ғимараттар мен құрылыстар Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 73-бабына, сондай-ақ "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жобалау құжаттамасына, пайдалануға қабылдау актісіне немесе техникалық паспортқа сәйкес функционалдық мақсаты бойынша сәйкестендіріледі.

5. Құрылыс материалдары мен бұйымдарын сәйкестендіруді, олардың мақсаты мен қолданылу саласын, шығу тегі мен құрамын, өндіру және пайдалану технологиясының ерекшеліктерін қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) кодын ескере отырып, сәйкестендірілетін өнімге арналған ілеспе құжаттамада қамтылған белгілерге ұқсастығын белгілеу жолымен жүргізеді.

6. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының тізбесі және олардың кодтары ЕАЭО СЭҚ ТН жіктеуіші бойынша техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

7. Техникалық регламенттің күші:

- меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жаңа құрылыс, реконструкция немесе күрделі жөндеу аяқталғаннан кейін пайдалануға берілетін экономиканың барлық салаларының ғимараттары мен құрылыстары, инженерлік ізденістер, жобалау, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, ғимараттар мен құрылыстарды кейіннен кәдеге жарату процестеріне,

- шығарылған еліне қарамастан құрылыс материалдары мен бұйымдары және оларды өндіру, таңбалау, тасымалдау, сақтау, пайдалану, кәдеге жарату процестеріне қолданылады.

8. Техникалық регламент жеке үй жанындағы учаскелер аумақтарындағы және бау-бақша серіктестіктері (қоғамдары) учаскелеріндегі шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға, сондай-ақ құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына және ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсатына сәйкес келетін технологиялық процестердің қауіпсіздігіне қолданылмайды.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

9. Техникалық регламентте Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ғимарат – функционалдық мақсатына қарай адамдардың тұруы немесе болуы, өндірістік процестерді орындау, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыру және сақтау үшін пайдаланылатын, міндетті түрде жерүсті тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимараттың жерасты бөлігі болуы мүмкін;

2) дайындаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, өз атынан өнім өндіруді немесе өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

3) дайындаушы уәкілеттік берген тұлға – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен шарт негізінде Қазақстан

Республикасының аумағында өнімнің сәйкестігін бағалау және оны айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан әрекеттерді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

4) жаңа құрылыс өнімі – бұл алғаш рет Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе қолданылатын өнім;

5) импорттаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, шетелдік дайындаушымен (сатушымен) партиямен шығарылатын өнімді беруге сыртқы сауда шартын (келісімшартын) жасасқан және осы өнімді Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығаруды және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

6) инновациялық құрылыс материалдары мен бұйымдары (өнім) – бұл өзінің қасиеттері немесе пайдалану тәсілдері бойынша бұрын өндірілген өнімдерден ерекшелетін жаңа жетілдірілген өнім;

7) құрылыс – табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған көлемді, тегіс немесе желілік объектісі (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы немесе мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін;

8) құрылыс бұйымы – өнеркәсіптік тәсілмен шығарылған және құрылыс конструкциясының немесе басқа құрылыс бұйымының элементі ретінде қолдануға арналған құрылыс өнімі;

9) құрылыс конструкциясы – құрылыс материалдарынан және/немесе құрылыс бұйымдарынан жасалған, құрылыс объектісінің тұрақты элементі;

10) құрылыс құжаттамасы – объектілерді салу (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жаратандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу, консервациялау және кейіннен кәдеге жарату), сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру, сыртқы безендіру үшін қажетті (жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттарды қоса алғанда) өзара байланысты құжаттардың жүйесі;

11) құрылыс материалы – құрылыс бұйымдары және/немесе құрылыс конструкцияларын дайындауға арналған табиғи пайда болған немесе өнеркәсіптік әдіспен өндірілген құрылыс өнімі;

12) құрылыс объектісі – құрылыс қызметінің түпкілікті нәтижесі болып табылатын, жасанды ортаның ғимараты, құрылысы немесе басқа да жылжымайтын объектісі;

13) құрылыс объектісінің өмірлік циклі - құрылыс объектісінің салынуын, пайдаланылуын және тіршілігінің аяқталуын қоса алғанда, жүйелі және өзара байланысты тіршілік ету кезеңдері;

14) құрылысты нормалаудың параметрлік әдісі - осы нормативтік талапқа қол жеткізуге тиіс нәтижеге (мақсатқа) назар аударатын және оған қол жеткізудің көптеген баламалы жолдарына мүмкіндік беретін әдіс;

15) объектіні кейіннен кәдеге жарату - күрделі құрылыстың (үйдің, ғимараттың, кешеннің) пайдаланылуы (пайдалану, қолдану) тоқтатылғаннан кейін кәдеге асатын элементтерін (конструкцияларды, материалдарды, жабдықтарды) бір мезгілде қалпына келтіріп және қайталап пайдаланып, сондай-ақ кәдеге аспайтын элементтер мен қалдықтарды өңдей отырып, бөлшектеп алу және бұзу жөніндегі жұмыстар кешені;

16) өнімдер мен процестердің қауіпсіздігі – құрылыс өнімі мен құрылыс объектілерінің адамдардың және жануарлардың өмірі мен денсаулығына, мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруін болдырмайтын жай-күйі;

17) өнімді айналысқа шығару – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тарату мақсатында өнімді беру (өткізу) немесе әкелу (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелту немесе жинап қоймай тиіп жөнелту);

18) өтінім беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, сәйкестікті бағалауды жүргізу үшін өнімді, процестерді және көрсетілетін қызметті ұсынған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы);

19) табиғи тастар – каверналарды (қуыстарды) және пигменттеуге және бояуға арналған басқа да химиялық препараттарды толтыруға арналған эпоксидтік шайырларды пайдаланбай, магмалық, шөгінді және метаморфикалық жыныстарды механикалық өңдеу жолымен өндірілетін табиғи құрылыс материалдары;

20) техникалық регламентпен өзара байланысты нормативтік құжаттар - талаптарының орындалуы осы Техникалық регламенттің ережелерін сақтауды қамтамасыз ететін, осы Техникалық регламентке сәйкес үйлестірілген құрылыс нормалары, құрылыс нормалары және қағидалары, қағидалар жиынтығы, санитарлық қағидалар, гигиеналық нормативтер және өзге де нормативтік-техникалық құжаттар.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Өнімнің нарықтағы айналым шарттары

10. Қазақстан Республикасының аумағына айналымға шығару кезінде құрылыс материалдары мен бұйымдарын сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы сүйемелденеді.

11. Құрылыс материалдары мен бұйымдары Техникалық реттеу туралы Заңның 35-бабы негізінде техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келген жағдайда және олар Техникалық регламенттің 6-тарауына сәйкес сәйкестікті бағалаудан өткен жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылады.

12. Техникалық регламенттің жекелеген ерекше құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын қосымша талаптары Қазақстан Республикасының арнайы техникалық регламенттерінде белгіленеді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптарды қоспағанда, көрсетілген талаптар Техникалық регламенттің талаптарына қайшы келмейді.

13. Сәйкестігі міндетті расталуға жататын және осы Техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкестікті растаудан өтпеген өнімге сәйкестік белгісін қоюға жол берілмейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Сатылатын құрылыс материалдары мен бұйымдары (оның ішінде импортталатын):

1) қауіпсіз, сақтау немесе жарамдылық мерзімі өтіп кетпеген (бар болса), ыдысы және қорабы бүлінбеген (нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес), пайдалану құжаттамасының толық жиынтығымен болады. Егер дайындаушыдан, тұтынушыдан немесе мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарынан нақты материалдар мен бұйымдардың белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі туралы ақпарат алынған болса, өткізілмейді (сатылмайды);

2) зиян келтірудің ықтимал тәуекелдерін бағалау және олардың тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін тұтынушы үшін ілеспе құжаттамамен (пайдалану жөніндегі нұсқаулық, сапа паспорты, сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация, техникалық немесе нормативтік құжаттама) қамтамасыз етіледі;

3) оларды сату кезіндегі іс-қимылы тәртібі туралы, кейіннен тексеру мақсатында тұтынушылардың шағымдарын тіркеу туралы сатушыларға арналған ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

4-тарау. Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігіне және олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптар

1-параграф. Қауіпсіздіктің базалық талаптары

15. Ғимараттар мен құрылыстар есептік қызмет ету мерзімі ішінде мақсаты бойынша пайдалануға жарамды жобаланады және салынады және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманың және Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес пайдалануға енгізіледі.

16. Ғимараттар мен құрылыстар мынадай базалық талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) механикалық беріктігі мен тұрақтылығы;
- 2) өрт қауіпсіздігі;
- 3) санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласында;
- 4) пайдалану процесіндегі қауіпсіздік, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділік;
- 5) энергетикалық тиімділік және энергия үнемдеу;
- 6) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

17. Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ олармен байланысты инженерлік ізденістер, жобалау, құрылыс, монтаждау, баптау, пайдалану және кейіннен кәдеге жарату процестерінің қауіпсіздігі, ғимараттың немесе құрылыстың бүкіл өмірлік циклі ішінде параметрлердің және сапалық сипаттамалардың жобалық мәндерінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін параметрлерін белгілеу және қолдау арқылы қамтамасыз етіледі.

2-параграф. Ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын механикалық қауіпсіздік талаптары

18. Механикалық беріктік пен орнықтылық талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін ғимараттар мен құрылыстар, оларға қоса берілген жүктемелер және оларды салу мен пайдалану кезеңіндегі әсерлер мынадай салдарларға:

ғимараттар мен құрылыстардың немесе олардың бөліктерінің қирауына;

шекті рұқсат етілетін шамадан асатын құрылыс объектісінің деформациясының пайда болуына;

тіреу конструкцияларының едәуір деформациясы нәтижесінде басқа құрылыс конструкцияларының немесе құрылыстардың, сондай-ақ жабдықтардың немесе басқа да монтаждalған құрылғылардың зақымдануына;

әсер ету дәрежесі бойынша зақымдану көзі болған бастапқы жүктемеден аспайтын жүктеме нәтижесіндегі зақымдануға;

жекелеген элементтер бұзылған жағдайда конструкциялардың үдемелі қирауына әкеп соқтырмайтындай етіп жобаланады және салынады.

19. Механикалық қауіпсіздік талаптарын орындау жүргізілген есептерге сәйкес беріктігі мен орнықтылығы бойынша құрылыс объектілерінің тірек конструкцияларының шекті жай-күйіне қол жеткізбеу шарттарын сақтаумен қамтамасыз етіледі.

20. Құрылыс объектілері құрылыс және пайдалану кезінде өндірілетін барлық ықтимал әсерлер мен әсерлерге қарсы тұрады, сондай-ақ құрылымдық элементтер үшін пайдалану жарамдылығы талаптарына сәйкес келеді.

3-параграф. Ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

21. Ғимараттар мен құрылыстар өрттің шығу қаупін болдырмау немесе азайту, адамдарды, мүлікті, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін өрттің қауіпті факторларының әсерінен қорғау және (немесе) осы факторлардың әсерін шектеу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ өрт сөндіру, адамдарды құтқару және өрт туындаған жағдайда авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде тартылған өртке қарсы қызметтер бөлімшелері жеке құрамының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып жобаланады және салынады.

22. Ғимараттар мен құрылыстар өртке қарсы қорғаудың мынадай талаптарына сәйкес болады:

1) көршілес ғимараттар мен құрылыстарға өрттің таралмауы қалалық және ауылдық елді мекендер мен ұйымдардың аумақтарында олардың мақсаты, отқа төзімділігі, конструкциялық өрт қауіптілігі және басқа да ерекшеліктері ескеріле отырып, ғимараттар мен құрылыстардың орналасуымен қамтамасыз етіледі;

2) өрт-жарылыс қаупі бар объектілер қоныстар шекарасынан тыс орналасуы тиіс, ал егер бұл мүмкін болмаса, онда көрші ғимараттар мен құрылыстарға жарылыстардың зақымдаушы факторлары мен осы объектілердегі өрттің қауіпті факторларының әсер етуін талап етілетін деңгейге дейін шектеуін ескере отырып орналасады;

3) қалалық және ауылдық елді мекендер мен ұйымдардың аумақтарында, ғимараттар мен құрылыстарда болуы мүмкін өрттерді сөндіруге арналған сыртқы және ішкі сумен жабдықтау көздері болады;

4) ғимараттар мен құрылыстарға өтетін жолдар, өтпе жолдар мен кіреберістер оларға өрт техникасы мен құтқару қызметтерінің техникалық құралдарына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етіледі;

5) ғимараттар мен құрылыстардың өрт сөндіру бөлімшелері мен құтқару қызметтерінің жеке құрамының қол жетімділігі, сондай-ақ өрт сөндіру құралдарын ғимараттың немесе құрылыстың кез келген үй-жайына жеткізу және адамдарды құтқару және өрт келтірген залалды азайту, өртті одан әрі жою және оның қайта жаңғыруын болдырмау мақсатында өрт сөндіру құралдарын өрт ошағына беру мүмкіндігі болады;

6) ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдері, өртке қарсы тосқауылдар, өрт бөлімдері мен секциялары, эвакуациялау жолдарындағы конструкцияларды әрлеу мен қаптауды қоса алғанда, құрылыс конструкциялары, қолданылатын құрылыс материалдары мен бұйымдары, сондай-ақ инженерлік қамтамасыз етудің ішкі жүйелерінің элементтері өртке қарсы жабдықты

қолдануды ескере отырып, өрттің таралуын және оның қауіпті факторларын жану ошағынан тыс шектеу талаптарына жауап береді;

7) ғимараттар мен құрылыстардың, олардың құрылыс конструкциялары мен ішкі инженерлік жүйелер элементтерінің отқа төзімділігі адамдарды, оның ішінде жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау және уақтылы эвакуациялау мүмкін болмаған адамдарды құтқару кезінде конструкциялардың орнықтылық талаптарына, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету және өрт кезінде нұқсанды азайту жөніндегі экономикалық негізделген талаптарға жауап береді;

8) құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігі мен өрт қауіптілігі оның функционалдық мақсатын, негізгі параметрлері мен сипаттамаларын, оның ішінде өндірістік және қойма ғимараттары мен үй-жайлардағы технологиялық үдерістердің өрт-жарылыс қауіпсіздігі сипаттамаларын ескере отырып талап етілетін ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігі мен конструкциялық өрт қауіптілігіне сәйкес болады;

9) эвакуациялық жолдар мен ғимараттан, құрылыстан және олардың үй-жайларынан шығатын жолдар адамдардың өрт кезінде қауіпті факторлардың адамдарға әсер етуінің рұқсат етілетін деңгейін ескере отырып, олардың денсаулығына қауіп туғанға және (немесе) зиян келтіргенге дейін ең аз уақыт ішінде қауіпсіз эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз етіледі;

10) адамдарды эвакуациялық жолдар мен шығулар бойынша толық көлемде қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ олар бұғатталған жағдайда ғимараттар мен құрылыстар адамдарды тиімді құтқару мүмкіндігін, оның ішінде өрттің қауіпті факторларының адамдарға әсер етуінің рұқсат етілген деңгейін ескере отырып, өмірге қауіп төндірмеу және (немесе) олардың денсаулығына зиян келтірмеу үшін жеке және ұжымдық құтқару құралдарын қолдану арқылы қамтамасыз етеді;

11) ғимараттар мен құрылыстар нақты объект жағдайында адамдарды уақтылы және қауіпсіз эвакуациялауды ұйымдастыру мақсатында өртті анықтау, өрт кезінде адамдарды хабардар ету және эвакуациялауды басқару жүйелерімен, сондай-ақ автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталады;

12) ғимараттар мен құрылыстардың электр қондырғылары олар орнатылған ортаның жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі сипаттамаларына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) құрылыс конструкцияларына және көрші үй-жайларға жануды және олар бойынша өрттің таралуын болғызбау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

13) өрт сөндіру бөлімшелерінің ғимараттары бірінші бөлімшенің шақыру орнына келу уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормативтерден аспайтын шартты негізге ала отырып, қолжетімді қашықтықта орналасады.

23. Өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде құрылыс объектісі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығымен бекітілген "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің талаптарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24045 болып тіркелген) (бұдан әрі - "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті) және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес келеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы талаптар

24. Ғимараттар мен құрылыстар олардың бүкілқызмет ету мерзімі ішінде адамдар тұрған және болған кезде ішкі ортаның физикалық, химиялық, биологиялық және өзге де зиянды факторларының адамға әсер етуі салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмейтіндей етіп жобаланады және салынады.

25. Ғимараттар мен құрылыстар мынадай талаптарға сәйкес болады:

1) тұрғын үй-жайлардың, қоғамдық ғимараттардың үй-жайларының ауасында және өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағында жабдықпен, құрылыс материалдарымен немесе адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде бөлінетін ластаушы заттардың болуы адам денсаулығы үшін қауіпсіз рұқсат етілген деңгейден аспайды;

2) ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкциялары (көлік инфрақұрылымының желілік объектілерінен басқа), олардың инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің ішкі жүйелері үй-жайларда немесе қызмет көрсетілетін аймақтарда ауа температурасын, ылғалдылығын және қозғалыс жылдамдығын қоса алғанда, микроклимат параметрлеріне қойылатын нормативтік талаптардың рұқсат етілген мәндер шегінде сақталуын және осы параметрлердің оңтайлы мәндерін қамтамасыз ету мүмкіндігін, сондай-ақ қабырғалардың ішкі беттерінің температурасына, қоршау конструкцияларының жылуға төзімділігі және еден бетінің жылу сіңірілуіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

3) қоршау конструкцияларының сыртқы беттерінен үй-жайларға су ағуының болмауы және конструкциялардың ішкі беттерінде дақтар немесе мұздар түрінде, сұйық түрінде конденсаттың пайда болуына жол бермеу, оның қоршаулардың жарық өткізгіш бөлігінде пайда болуын шектеу, сондай-ақ материалдар қасиеттерінің елеулі

өзгерістерінсіз конструкциялардан ылғалды уақтылы жою үшін жағдайлар жасау қамтамасыз етіледі;

4) сумен жабдықтау жүйелері және су құбырының ішкі жүйелері суды үздіксіз және талап етілетін мөлшерде беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді және оның қауіпсіздігіне қойылатын белгіленген талаптардың бұзылуына әкеп соғатын ағып кетулер мен ластануларға жол бермейді;

5) көріз жүйелері мен желілері сұйық ағындарды сумен жабдықтау жүйесіне түспей, топырақ пен қоршаған ортаны ластамай және қоршаған ортаға оның ластаушы газдарын бөлмей жоюды қамтамасыз етеді;

6) ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайлары мақсатына қарай және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес адамдар мен жануарлардың тыныс-тіршілігі үшін табиғи және жасанды жарықтандырумен, сондай-ақ талап етілетін ұзақтығын инсоляциямен және күннен қорғаумен қамтамасыз етіледі;

7) ғимараттар мен құрылыстар орналастырылуы және қорғалуы, ал олардың үй-жайлары шудың адам денсаулығына және оның ғимаратта немесе құрылыста болуына теріс әсерін болғызбау үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес шудан қорғауды қамтамасыз етуді ескеріп жайластырылыады;

8) ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларының технологиялық және инженерлік жабдықтармен, жерасты, жербеті және жерүсті көлігімен және басқа да ықтимал діріл көздерімен жасалатын дірілі, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларында топырақпен, құрылыс материалдарымен, электр беру желілерімен және жабдықпен жасалатын иондаушы және иондамайтын сәулелердің деңгейі белгіленген гигиеналық нормативтер талаптарынан аспайды;

9) ғимараттар, құрылыстар және оларға іргелес аумақтар қалдықтарды жинауға және шығаруға арналған ыдыстармен жабдықталады;

10) ғимараттар мен құрылыстар аумақтарда олардың функционалдық мақсатын ескере отырып орналастырылады, оларды салу, пайдалану және жою процесінде әртүрлі авариялық жағдайлардың туындауы нәтижесінде қоршаған ортаның ластануын қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер ету деңгейін сақтау жөніндегі экологиялық нормативтерді ескере отырып жобаланады және салынады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес ерекше қорғалатын табиғи және рекреациялық аумақтарға, су айдындары мен су қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың экологиялық қорғалуы және сақталуы қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Пайдалану процесінде жазатайым оқиғалардан, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін ғимараттар мен құрылыстардың қол жетімділік қауіпсіздік талаптары

26. Пайдалану (қолдану) процесінде қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін ғимараттар мен құрылыстар тайғанауды, құлауды, соқтығысуды, күйіктерді, электр тогының соғуын, жарылыстар нәтижесінде жарақаттануды қоса алғанда, құрылыс объектісін пайдалану немесе оған қызмет көрсету кезінде жазатайым оқиғалар салдарынан адамдарға төнетін қатерлерді болдырмауды ескере отырып жобаланады және салынады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңның 11, 17, 27-2-баптарына сәйкес, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік нормативтік құжаттарға (құрылыс нормалары, қағидалар жиынтығы) сәйкес объектіні жобалау, сараптау, салу және кейіннен пайдалану процесінде мыналар көзделеді:

қозғалыс қауіпсіздігі;

механикалық және автоматтандырылған қозғалыс құралдарының қауіпсіздігі;

жазатайым оқиғалардың туындау және адамдарға (оның ішінде мүгедек адамдарға) жарақат алу ықтималдығын барынша азайту үшін есіктер мен қабырғалардағы толтырылмайтын ойықтардың, баспалдақтар мен алаңдардың, пандустар мен бұрылыс алаңдарының, дәліздердің, өндірістік ғимараттардың технологиялық жабдықтарының стационарлық элементтері мен қоғамдық ғимараттарды жарақтандыру элементтері арасындағы өту жолдарының ені параметрлері бойынша нормативтерді сақтау;

ғимараттар мен құрылыстардағы адамдарды ақпараттандыру үшін қосалқы шығу жолдары мен құтқарудың негізгі тәсілдерін сәйкестендіру;

адамдар мен көлік құралдарының қозғалу жолдарын табиғи және жасанды жарықтандыру нормаларын сақтау;

адамдардың кездейсоқ түсіп кетуіне жол бермейтін терезе саңылауларын құлыптармен және (немесе) қауіпсіздік тетіктерімен қамтамасыз ету;

пайдаланушылардың тіршілік әрекетіне теріс әсер ететін жабдықтарға, құрылымдарға және басқа элементтерге қол жеткізуді шектеу;

белгіленген шектерде инженерлік және электр желілерін реттеу;

электр қондырғыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

жарылыс көздерінен шектеу;

авариялық жағдайдағы қауіпсіздік;

ғимараттар мен құрылыстарға рұқсатсыз басып кіруден қорғау.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ғимараттарды олардың мүмкіндіктігі бар адамдар, азаматтардың жекелеген санаттары (кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, бала емізетін аналар) үшін қол жетімділігін, олардың қауіпсіздігін және тұратын, баратын және еңбек ететін жерлерге қол жетімділігін қамтамасыз етуін ескеріп жобаланады және салынады, сондай-ақ көлік

инфрақұрылымы объектілеріне кедергісіз қол жеткізу үшін жағдайлар жасалады және кеңістікте бағдарлануға, сондай-ақ жабдықтар мен құрылғыларды пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық қолдау құралдарымен жарақтандырылады.

28. Құрылыс объектісінде ғимараттар мен құрылыстардың табиғи және техногендік төтенше жағдайлардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

олардың салдарларының алдын алуға және (немесе) оларды азайтуға бағытталған;

құрылыс конструкциялары мен негіздерінің сезімталдығын азайтатын;

негіз топырақтарының қасиеттерін жақсарту бойынша;

құрылыс жұмыстарын жаңа және (немесе) қолданыстағы қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың қарқындалуына алып келмейтін тәсілдермен жүргізу бойынша шараларды көзделеді.

6-параграф. Энергетикалық тиімділік және энергияны үнемдеу талаптары

29. Құрылыс объектісі мен оның жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері үй-жайлардың микроклиматына және адамдардың тұруының және (немесе) қызметінің басқа да жағдайларына қойылатын белгіленген талаптарды орындау кезінде пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде жергілікті жердің климаттық жағдайларын ескере отырып, энергетикалық ресурстардың тиімді және үнемді жұмсалуды қамтамасыз етіп жобаланады және салынады.

30. Ғимарат немесе құрылыс энергияны тұтынуы мынадай көрсеткіштермен сипатталатын бірыңғай жүйе ретінде қарастырылады:

пайдалану кезінде энергетикалық ресурстардың үлестік шығысы;

құрылыс конструкциялары элементтерінің және ғимараттар мен құрылыстардың бөліктерінің, құбыржолдар мен жабдықтардың жылу қорғағыш қасиеттері.

31. Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу кезінде электр және жылу энергиясын тұтынудың есебін көздеу, ал оларды пайдалану кезінде олардың есебін қамтамасыз етеді.

32. Ғимараттар мен құрылыстардың жаңаларын салу, сондай-ақ күрделі жөндеу және қайта жаңарту олардың энергетикалық сипаттамаларының талап етілетін шарттарға сәйкестігін ескере отырып жүргізіледі.

7-параграф. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану талаптары

33. Ғимараттар мен құрылыстар аумақтарда экологиялық талаптарды сақтай отырып, олардың функционалдық мақсатын ескере отырып, жобаланады және салынады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи және рекреациялық аумақтардың, су айдындары мен су қорғау аймақтарының экологиялық қорғалуы қамтамасыз етіледі.

34. Құрылыс объектілері табиғи ресурстарды пайдалану тұрақты және жиі болатын тәсілмен жобаланады, салынады және қайта кәдеге жаратылады, мыналарға кепілдік береді:

Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандарында пайдалануды қоспағанда, құрылыс конструкцияларын, олардың материалдары мен бөлшектерін бөлшектегеннен кейін қайта қолдану (қайта өңдеу) мүмкіндігіне;

тиісті процестер, материалдар, бұйымдар мен конструкциялар үшін белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

ғимараттар мен құрылыстардың ұзақ мерзімділігіне.

35. Елді мекендердің аумақтарында қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою мен кәдеге жарату үшін инфрақұрылым жасалынады.

5-тарау. Құрылыс материалдары мен бұйымдарына қойылатын қауіпсіздік талаптары

1-параграф. Негізгі қауіпсіздік талаптары

36. Құрылыс материалдары мен бұйымдары құрылыста қолдану үшін жарамды және мақсаты бойынша қолдану мен оларды пайдаланудың белгіленген қағидаларын сақтау жағдайында ғимараттар мен құрылыстардың Техникалық регламенттің 4-тарауында көрсетілген базалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қасиеттерге ие болады.

37. Құрылыс материалдары мен бұйымдары оларға қойылатын Техникалық регламенттің талаптарына, оның ішінде олардың құрылыста қолдануға жарамдылығын қамтамасыз ететін елеулі сипаттамаларға қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының нарығына айналысқа шығарылады.

38. Сәйкестікті міндетті растау үшін құрылыс материалдары мен бұйымдарының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қойылатын қауіпсіздік талаптары өнімге стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес айқындалады.

39. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының елеулі сипаттамалары стандарттау жөніндегі құжаттар тізбесіне енгізілген стандарттау жөніндегі өзара байланысты құжаттарда белгіленеді, оларды қолдану нәтижесінде таңдау бөлігінде ерікті негізде Техникалық регламенттің 2-қосымшасына сәйкес Техникалық регламенттің талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

40. Құрылыс материалдары мен бұйымдары үй-жайларға зиянды заттардың адам денсаулығына қауіп төндіретін және адам денсаулығына радиациялық және химиялық қауіп төндіретін мөлшерде бөлінуін болдырмауды ескере отырып, конструкцияларда қолданылады.

40-1. Отқа төзімділік шегіне қойылатын талаптар "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентімен регламенттелген.

Құрылыс бұйымдарының (оның ішінде темірбетон) өрт қауіптілігі сыныбы және отқа төзімділік шектері стандарттау жөніндегі құжатта немесе құрылыс конструкциялары мен бұйымдарына (олар стандарттау жөніндегі құжаттарда болмаған жағдайда) арналған үлгілік жобалық шешімдерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Отқа төзімділік шегін растау (айқындау) үшін заттай (оттық) сынақтар және (немесе) есептеу-талдау әдістері жаңа құрылыс бұйымдарына қатысты оны өндіріске қою кезінде, сондай-ақ оларға конструктивтік өзгерістер енгізу кезінде жүргізіледі.

Жаңа өнім болып табылмайтын құрылыс бұйымдарына қатысты отқа төзімділік шегін растауды есептеу-талдау әдісімен жүргізуге жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өнімнің өмірлік цикліне қойылатын талаптар

41. Құрылыс материалдары мен бұйымдарын тасымалдау, сақтау, тасымалдау дайындаушы ілеспе құжаттамада көрсеткен шарттарға сәйкес жүзеге асырылады және таңбалауда немесе ілеспе құжаттамада көрсетілген құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне әсер ететін және оларды мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін қасиеттер мен сипаттамалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

42. Ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік объектілерді, жолдарды, инженерлік және басқа да коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, реконструкциялау, жөндеу немесе салу процесінде пайда болған құрылыс қалдықтары тиісті қайта өңдеу кәсіпорындары, сондай-ақ аталған қалдықтармен себуге немесе қайта құнарландыруға қала құрылысы құжаттамасына сәйкес рұқсат етілген аумақтар болған кезде қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға жіберіледі.

Елді мекенде тиісті кәсіпорындар мен аумақтардың болмауы себебінен құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу, пайдалану немесе залалсыздандыру мүмкін болмаған кезде оларды өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес оларды мамандандырылған (өнеркәсіптік) полигондарда көму қамтамасыз етіледі.

6-тарау. Сәйкестікті растау ережелері мен нысандары

1-параграф. Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

43. Ғимараттар мен құрылыстардың техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі, егер оның белгіленген талаптары толық көлемде орындалса, оның ішінде

техникалық регламенттердің базалық талаптарын дамытатын және нақтылайтын өзара байланысты нормативтік құжаттарды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

44. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 701 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтарын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12423 тіркелген) енгізілген қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді қолдану Техникалық регламент талаптарын сақтаудың жеткілікті шарты болып табылады.

45. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының техникалық регламент талаптарына сәйкестігі Техникалық регламенттің 2-қосымшасына сәйкес өзара байланысты стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарын орындау жолымен қамтамасыз етіледі.

46. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сапалық сипаттамаларын зерттеу (сынау) және өлшеу әдістері Техникалық регламенттің 3-қосымшасына сәйкес техникалық регламенттің талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін үлгілерді іріктеу қағидаларын қоса алғанда, зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін қамтитын стандарттау жөніндегі құжаттар тізбесіне енгізілген стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленеді.

47. Осы Техникалық регламенттің 45-тармағында көрсетілген стандарттау жөніндегі өзара байланысты құжаттарды қолданбау Техникалық регламенттің талаптарын сақтамау ретінде қарастырылмайды.

Қолдану нәтижесінде ерікті негізде осы Техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін стандарттау жөніндегі құжаттар қолданылмаған жағдайда, сәйкестікті бағалау тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

"Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 1-тармағына сәйкес стандарттау жөніндегі халықаралық, өңірлік құжаттарды және шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдануға жол беріледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Жобалауға құрылыс нормалары мен қағидалар жиынтығы жоқ ғимараттар мен құрылыстарды жобалау үшін немесе осы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары жеткіліксіз болған жағдайда, құрылысты нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес балама шешімдерді пайдаланылады.

2-параграф. Ғимараттар мен құрылыстардың сәйкестігін бағалау

49. Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ олармен байланысты инженерлік ізденістер, объектілерді жобалау, салу, монтаждау, баптау, пайдалану және кейіннен

кәдеге жарату процестерінің Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау міндетті сипатқа ие болады.

Бағалау құрылыс объектісінің, процестердің және қолданылатын материалдар мен бұйымдардың нақты параметрлері мен сипаттамаларын тікелей Техникалық регламенттің осы тарауының 1-параграфында көзделген Техникалық регламенттің талаптарымен, сондай-ақ тиісті кезеңдерде – жобалау құжаттамасында белгіленген осы параметрлер мен сипаттамалардың мәндерімен салыстыру арқылы жүргізіледі.

50. Ғимараттар мен құрылыстардың сәйкестігін бағалау ғимараттар мен құрылыстарға байланысты процестерге қойылатын талаптарды сақтауды ескере отырып, құрылыс объектісін құрудың, пайдаланудың және кейіннен кәдеге жаратудың әрбір кезеңінде мынадай нысандарда дәйекті түрде жүзеге асырылады:

құрылысқа арналған эскизді (эскиздік жобаны) жергілікті атқарушы органмен келісу;

жобалау құжаттамасына сараптама жүргізу қарастырылған жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ қолданыстағыларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама;

құрылыста қолдану үшін тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) жобалау құжаттамасын бекітуі;

мердігердің қолданылатын құжаттаманы, материалдарды, бұйымдарды және ол жүзеге асыратын құрылыс-монтаждау жұмыстарын өзіндік өндірістік бақылауы (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық);

құрылысты авторлық және техникалық қадағалау;

орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялар мен жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, тұрақтылығын, сенімділігін және ғимараттар мен құрылыстардың пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық мемлекеттік сәулет-құрылысын бақылау және қадағалау;

мердігердің тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының жобалау және құрылыс кезінде қолданылған нормативтердің талаптарына сәйкестігін сәйкестік туралы декларацияны ұсыну арқылы растауы;

тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) авторлық және техникалық қадағалаудың тиісті қорытындыларды ұсыну арқылы орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігін және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын растауы;

пайдалану процесінде объектінің және (немесе) оның бөліктерінің жай-күйін техникалық қадағалау;

пайдалану процесінде объектінің және (немесе) оның бөліктерінің жай-күйін тексеру және техникалық тексеру;

ғимараттарды, үйлерді, құрылыстарды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу (кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу, реставрациялау және күрделі жөндеу) туралы жергілікті атқарушы органның шешімі;

объектіні кейіннен кәдеге жарату (құрылысты бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге жергілікті атқарушы органның шешімі;

объектіні кейіннен кәдеге жарату (құрылысты бұзу) жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін бақылау және қадағалау.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Құрылыс объектісінің өмірлік циклінің кезеңіне және сенімділік сыныбына байланысты сәйкестікті растау мақсатында дәлелдемелер ретінде пайдаланылатын материалдар тізбесіне мынадай құжаттар енгізіледі:

- 1) эскиз (эскиздік жоба);
- 2) жобалау құжаттамасы (сызбалар, кестелер, есептер, түсініктемелер);
- 3) сараптамалық қорытындылар;
- 4) атқарушылық техникалық құжаттама (сынау және өлшеу нәтижелері, жұмыс журналдары, қолданылатын құрылыс материалдарына, бұйымдар мен конструкцияларға сертификаттар, жасырын жұмыстарды куәландыру актілері, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау актілері, іске қосу-баптау жұмыстарының актілері) ;
- 5) авторлық және техникалық қадағалау қорытындылары;
- 6) мердігердің сәйкестік туралы декларациясы;
- 7) объектіні пайдалануға қабылдау актісі;
- 8) техникалық паспорт, пайдалану паспорты, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану жөніндегі техникалық журнал;
- 9) тіркеу және рұқсат беру құжаттамасы.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін бағалау

52. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалау міндетті сипатта болады және бақылау нәтижесінде алынған өнімнің маңызды сипаттамаларының нақты мәндерін Техникалық регламенттің талаптарымен, оның ішінде сәйкестік рәсімдеріне және Техникалық

регламенттің 6-тарауында көрсетілген қолданылған өзара байланысты стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарымен салыстыру жолымен жүргізіледі.

53. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау сәйкестікті міндетті растау (сертификаттау және сәйкестікті декларациялау) нысандарында жүргізіледі.

Сәйкестікті растауды сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар (бұдан әрі – СРО) өтініш берушімен шарт талаптарында жүргізеді.

Техникалық регламенттің маңызды қауіпсіздік талаптарына міндетті сертификаттау нысанында сәйкестігін міндетті растауға жататын құрылыс материалдары мен бұйымдарының тізбесі Техникалық регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

Сәйкестікті декларациялау нысанында сәйкестігі міндетті расталуға жататын құрылыс материалдары мен бұйымдары Техникалық регламенттің 5-қосымшасында келтірілген.

Техникалық регламенттің 2-қосымшасында, оларды қолдану нәтижесінде ерікті негізде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін стандарттау жөніндегі құжаттар болмаған жағдайда, өнімнің сәйкестігін растау тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

54. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін растау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығымен бекітілген Сәйкестікті бағалау қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) (бұдан әрі – Сәйкесті бағалау қағидалары) жүргізіледі.

Осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестікті бағалау кезінде міндетті өнімнің қауіпсіздік түрлерінің тізбесі осы Техникалық регламентке 7-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 54-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.03.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Сәйкестікті декларациялау:

- 1) өзінің дәлелдемелері негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдаумен;
- 2) сапа менеджменті жүйесінің және (немесе) аккредиттелген зертхананың СРО және (немесе) СРО қатысуымен алынған дәлелдемелер негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

56. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сәйкестігін декларациялау схемалары Техникалық регламенттің 6-қосымшасында келтірілген.

Декларациялаудың схемасын таңдауды өтініш беруші СРО-мен бірлесіп анықтайды.

57. Сәйкестік туралы декларацияны қабылдау үшін негіз болып табылатын құжаттар жиынтығы мыналарды қамтиды:

1) сериялық өндіріс өнімдері үшін:

өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында өнімнің негізгі параметрлері мен сипаттамаларын, сондай-ақ оның сипаттамасын қамтитын техникалық құжаттаманың (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану құжаттамасының) көшірмесі;

оларға сәйкес өнім дайындалатын стандарттау жөніндегі құжаттардың немесе стандарттау саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың тізімі;

оған сәйкес өнім дайындалған құжаттың (құжаттардың) көшірмесі (ұйымның стандарттау жөніндегі құжаты, техникалық шарттар немесе өзге құжат) (бар болса);

Қазақстан Республикасына жеткізілетін өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және мұндай өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкес келмегені үшін жауапкершілікті көздейтін дайындаушымен (оның ішінде шетелдік дайындаушымен) шарт (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға үшін) (сәйкестікті декларациялау схемасында көзделген жағдайларда);

менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификаты (бар болса);

жиынтықтаушы бұйымдарға сәйкестік сертификаттары (бар болса);

өнім үлгілерін (сынамаларын) зерттеу (сынау) және өлшеу хаттамалары;

сәйкестік туралы декларацияны қабылдауға негіз болған өтініш берушінің таңдауы бойынша өзге де құжаттар (бар болса);

2) өнім партиясы немесе бірлі-жарым бұйым үшін:

келісімшарттың (жеткізу шартының) көшірмесі және өнім партиясын немесе дара бұйымды, оның ішінде мөлшерін сәйкестендіретін тауарға ілеспе құжаттар;

пайдалану құжаттарының көшірмесі (қажет болған жағдайда);

оларға сәйкес өнім дайындалатын стандарттау жөніндегі құжаттардың немесе стандарттау саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың тізімі;

оған сәйкес өнім дайындалған құжаттың (құжаттардың) көшірмесі (ұйымның стандарттау жөніндегі құжаты, техникалық шарттар немесе өзге құжат) (бар болса);

өнім үлгілерін (сынамаларын) зерттеу (сынау) және өлшеу хаттамалары;

сәйкестік туралы декларацияны қабылдау үшін негіз болған өтініш берушінің таңдауы бойынша өзге де құжаттар (бар болса).

58. Цемент өнімін сертификаттау "Портландцемент цементтері мен клинкерінің сәйкестігін растау тәртібі" ҚР СТ 3361 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жөніндегі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

Табиғи тастан жасалған бұйымдарды сертификаттау ҚР СТ 3619 "Табиғи тастан жасалған бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар" ҚР СТ 3619 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жөніндегі құжатына сәйкес жүзеге асырылады. Табиғи тастан жасалған бұйымдарды сертификаттау кезінде сарапшы-аудитор кен орнынан алынған блок үлгілерін сертификаттауға мәлімделген бұйыммен салыстыру үшін кен орнына баруды жүзеге асырады.

